



ҚАУЛЫ

ПОСТАНОВЛЕНИЕ

2020 жылғы 06 қазан

361

Талдықорған қаласы

№

город Талдықорған

**«Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы»
арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы» акционерлік
қоғамының кейбір мәселелері туралы**

Қазақстан Республикасының 2001 жылғы 23 қаңтардағы «Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы» Заңына, Қазақстан Республикасының 2015 жылғы 31 қазандағы «Мемлекеттік-жекешелік әріптестік туралы» Заңының 1-бабының 5-тармақшасына, 56-бабының 2, 3-тармақтарына, сондай-ақ Қазақстан Республикасы Ұлттық экономика Министрінің м.а. 2015 жылғы 25 қарашадағы № 725 бұйрығымен бекітілген МЖӘ жобаларын жоспарлау және іске асыру қағидаларының 5-тармағына сәйкес Алматы облысының әкімдігі **ҚАУЛЫ ЕТЕДІ:**

1. «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағын Басқарушы компаниясы» АҚ мемлекеттік әріптес ретінде және «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағының инфрақұрылым объектілерін жобалауға, салуға, құруға, реконструкциялауға, жаңғыртуға және пайдалануға бағытталған мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын іске асыру кезінде жекеше әріптесті айқындау жөніндегі конкурстың ұйымдастырушы болып уәкілеттілігі айқындалсын.

2. «Алматы облысының кәсіпкерлік және индустриялық-инновациялық даму басқармасы», «Алматы облысының қаржы басқармасы» мемлекеттік мекемелері және «Қорғас» шекара маңы ынтымақтастығы халықаралық орталығы» арнайы экономикалық аймағын басқарушы компаниясы» акционерлік қоғамы осы қаулыдан туындайтын тиісті шараларды қабылдасын.

3. Осы қаулының орындалуын бақылау облыс әкімінің орынбасары Ж. Тұжықовқа жүктелсін.

Облыс әкімі

А. Баталов



011968